

№4 Хромтау орта мектебінің қамқоршылық кеңес отырысының

№1 хаттамасы

Хромтау қаласы

26.08.2022 ж

Қатысқандар:

Қатыспағандар:0

Камбарова К.Г.-кеңес төрайымы

Кеңес мүшелері:

Баймукашев Т.Е.

Қалдыбаева Н.А.

Сулейменова Н.Х.

Сорока И.А.

Бегимбаева К.А.

Биржанов К.К.

Волненко Л.С.

Габбасов А.Т.

Мектеп әкімшілігі

Кеңес отырысының күн тәртібі:

1.ҚК отырысы. ҚК негізінде нормативтік- құқықтық және әдістемелік нұсқаулармен танысу;

2.«Мектепке жол» акциясы бойынша мектептегі жетім, ата- ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға әлеуметтік көмек көрсеткендігі туралы ақпарат

3. Мектептегі жетім, ата- ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы оқушыларды анықтап, ыстық тамақпен қамтамасыз ету.\

4. Әр түрлі сұрақтар

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңестің төрайымы Камбарова К.Г. сөз бастады. Құрметті әріптестер, ҚК және қызметін ұйымдастыру туралы ережемен таныстыра кетсек, ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44 бабының 9 тармақшасына сәйкес және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде әзірленді. ҚК сайлау тәртібі және құрамы өздеріңізге мәлім.

Екінші мәселе «Мектепке жол» акциясы бойынша мектептегі жетім, ата- ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға әлеуметтік көмек көрсеткендігі туралы ДТЖО: А.Ж.Муканова сөз сөйледі. 2022-2023 оқу жылы тамыз айының 1-нен бастап, Республикалық «Мектепке жол» акциясы басталды. Акцияның мақсаты: мектептегі жетім, ата- ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларды сабаққа дайындау үшін көмек беру.

Көбінесе, осындай санаттағы оқушылардың ата- аналары жағдайының төмендігіне байланысты балаларын сабаққа дайындай алмай жатады. Бүгінгі таңда тізім бойынша әлеуметтік көмек көрсетілген оқушы саны 31 оқушы. Оның, 20 оқушысы бюджеттен, 11 оқушы бюджеттен тыс киіндіріліп, оқу- құралдары алынды.

Үшінші мәселе, мектептегі жетім, ата- ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы оқушыларды анықтап, ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Бүгінгі таңда, әлеуметтік санат бойынша, толық емес отбасы оқушылары-253, Жетім , ата- ана қамқорлығынсыз қалған оқушылар- 4, аз қамтылған отбасы оқушылары-14. Аталған санаттағы отбасы үйіне барып, үй- жағдайына АКТ толтырылды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің м.а. 2015 ж 31 желтоқсанындағы №717 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2022-2023 оқу жылының 1- жартыжылдығы әлеуметтік қорғалмаған

отбасы оқушыларын Жалпы білім беру қорының ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша, ата-аналарының өтініштері негізінде, 13 оқушы мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Құрметті ҚК мүшелері, алдарыңыздағы құжаттарды қарап, ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылар тізімін анықтау керек.

Ұсыныс: Қамқоршылық кеңес төрайымы Қамбарова К.Г. сөз сөйледі: Құрметті ҚК мүшелері, алдарыңыздағы құжаттарды қарап, ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылар тізімін анықтау керек. Осы жерде отырған кеңес мүшелері құжаттарын қарап болсақ, дауысқа салайық. Оқушылар тізімі: Клименко А., Қазбек Д., Бек В., Қаржаубай Г., Аймағамбетов Е., Қазбек Н., Кабдрахманов А., Калиева Д., Калиева Н., Мукашев Т., Шмалько Р., Аймағамбетова Д., Аймағамбетов С.

ҚК мүшелері бір ауыздан, 13 баланың тізімін жасақтады (тізім қосымшада)


Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңес отырысы негізінде нормативтік-құқықтық және әдістемелік нұсқаулармен танысып, әр кеңес мүшесі жұмыстансын. Бала өмірінің қауіпсіздігі сынып жетекшілері мен ата-аналар тарапынан қатаң назарға алынсын.

2. «Мектепке жол» акциясы бойынша мектептегі жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларды әлі де анықтап, әлеуметтік көмек көрсету жалғастырылсын.


3. Әлеуметтік қорғалмаған отбасы оқушыларының тізімі бекітіліп, бұйрығы шығарылып, 5-қыркүйектен бастап, ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

Кеңес төрайымы:


 Камбарова К.Г.

Кеңес мүшелері:


Баймукашев Т.Е.




Қалдыбаева Н.А.




Сулейменова Н.Х.




Сорока И.А.




Бегимбаева К.А.



Биржанов К.К.



Волненко Л.С.



Габбасов А.Т.

